

Хаттама №1

«Тасарық» елді мекеніндегі №238 орта мектебінде 2024 жылдың 29 қыркүйегі күні жоспарға сәйкес кезекті директор жанындағы кеңес өтті.

Қатысуға тиісті – 37

Қатысқаны –30

Дәлелді себептермен қатыспағаны -5

Күн тәртібінде:

1. Мінез-құлқында ауытқушылығы бар қиын оқушыларды анықтау және оларды психологиялық тұрғыда зерттеу, педагог кадрлардың арасындағы жағымсыз қарым-қатынастың алдын алуға байланысты атқарылатын жұмыстар. Мад тобындағы тәрбиеленушілерді бастапқы диагностикалау қорытындысы
/Үргенішбаева П, Исатаева Ж/
 2. «Мақсатты мектеп» жобасы, мектепшілік бақылау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы /Аханова Б/
 3. Электронды журналды толтыру және ҰББДҚ базасына мәліметтер енгізу жұмыстары туралы /Аханова Б/
 4. Мектеп оқушыларының 2024-2025 оқу жылындағы аудандық ғылыми жобаға дайындық барысы, балалар шығармашылығын қалыптастыру және дамыту бағытында атқарылатын шаралар, үйірме жұмыстарының жүргізілуі туралы.
/Бөлебаев Т/
 5. ББЖМ және дайындық жұмыстарының жүргізілуі туралы /Сүйеубаева А/
 6. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету./Кәрібай С/
 7. Қауіпсіздік техникасы бойынша мектеп жұмыскерлеріне кіріспе нұсқау беру.
ҚТ бойынша журналдардың дұрыс және уақытылы рәсімделуі / Т. Әлмұратов/

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп психологі П. Үргенішбаева сөз алып өз сөзінде: Қоғам өмірінің барлық салалары көптеген өзгерістерге, бұрынғы мінез-құлық нормалары құлдыруға ұшырап жатқан кезде девиантты мінез-құлық мәселесі еліміздегі ерекше өзекті мәселе болып тұрғанын, сондықтан жасөспірімдердің жат мінез-құлықтарымен күресу мәселелері елімізде алдыңғы қатарда тұрған күрделі мәселе болып тұрғанын тек мектеп психологы емес пән мұғалімдерді де сабақтарында мінез-құлқында өзгешелік байқалған баланы, сабақтан көп қалатын, ашуланшақ білім деңгейі төмендеп ұстазды сабақта тыңдамайтын оқушыларды байқасаңыздар мектеп психологы мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарға ескертулеріңізді сұрайтынын психолог тарапынан мектеп оқушыларын алдын алуға мақсатында дәріс оқып, сауалнама, тесттар алынып жатқанын баяндады. МАД тобының тәрбиешісі Ж. Исатаева: Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойындар кезінде бақылып, әңгімелесемін, сурет салдыру, қолдан жасалған бұйымдарын талдап басқада әдістер арқылы бақылап жүрмін. Күнделікті қадағалап отырамын. Мониторинг жылына үш рет жасалады. Бастапқы- қыркүйек айынында, аралық- қаңтар айында, қорытынды –мамыр айында жүргізілетінін баяндады.

Ұсыныс: Мінез-құлқында ауытқушылығы бар қиын оқушыларды анықтау және оларды психологиялық тұрғыда зерттеу, педагог кадрлардың арасындағы жағымсыз қарым-қатынастың алдын алу, МАД тобындағы тәрбиеленушілерді бастапқы диагностикалау қорытындысы бойынша атқарылатын жұмыстарды жүргізу мектеп психологі П.Үргенішбаева мен МАД тобының тәрбиешісі Ж.Исатаеваға жүктелсе

Екінші мәселе бойынша «Мақсатты мектеп» жобасы, мектепшілік бақылау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Б. Аханова 2024-2024 оқу жылында «Мақсатты мектеп» жобасы бойынша алты мектеп бақылауға түсіп отырмыз сол алты мектептің бірі өзіміздің мектеп. Онлайн курсты

бітірген соң тест болады. Бес модуль біткен соң тест тапсырасыздар. Мектеп портреті мен мақсатты мектептің жұмыс жоспары жасалып бекітілді. Жасалатын жұмыстармен таныссыздар. Курс кезең-кезеңімен жүргізіліп жатыр.

Ұсыныс: 2024-2025 оқу жылында «Мақсатты мектептер» жобасы аясында жасалған жұмыс жоспары бекітіліп, талапқа сай жұмыстарды ұйымдастыру мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға жүктелсе.

Үшінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова: Электронды журналды толтыру және ҰББДҚ базасына мәліметтер енгізу жұмыстары туралы шығып сөйледі. Қатаң есептегі құжаттаманың жүргізілуін мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес: ҰБДҚ-ның уақтылы толтырылуы тексеріліп отыратынын баяндады.

Электронды журналдан күнделікті мәлімет алынып, бақылау жұмыстары жүргізіліп отыратынын сонымен қатар төменгі пайыздық көрсеткіш көрсетіп тұрмауын уақытында мұқият болып жаапкершілікпен жұмыс жасау керек екенін айтты.

Ұсыныс: Электронды журналды толтыру инженер-техник А.Абилаеваға, ҰББДҚ базасына мәліметтер енгізу мектеп бағдарламашысы А.Жарболовқа, осы жұмыстардың талапқа сай, қатесіз орындалуына бақылау жасау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға міндеттелсе.

Келесі мәселе бойынша мектеп директорының бейінді оқу ісі жөніндегі орынбасары Т.Булебаев: Мектеп оқушыларының 2024-2025 оқу жылындағы аудандық ғылыми жобаға дайындық барысы, балалар шығармашылығын қалыптастыру және дамыту бағытында атқарылатын шаралар, үйірме жұмыстарының жүргізілуі туралы өз сөзінде 2024-2025 оқу жылына арналған «Болашақ» ғылыми - зерттеу қоғамының жұмыс жоспарын 31.08.2024 жылы талқыланып бекітілгенін баяндады.

«Болашақ» ғылыми-зерттеу қоғамының ғылыми жетекшісін, мүшелерін қайта бекіту бір ауыздан зерттеуші-педагог информатика пәнінің мұғалімі Гүлжазира Қосбанбетова бекітілді. 2024-2025 оқу жылында қорғауға ұсынылатын зерттеу жұмыстарының тақырыбын есепке алып, ғылыми жобаның жетіспеген тұстарына толықтырулар енгізілді. Жалпы білім беретін пәндер бойынша 8-10 сынып оқушылары арасында өткізілетін «Дарын» республикалық ғылыми жобалар байқауына алты оқушының жұмыстары жіберілді.

р/с	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Тақырыбы	Пәні	Жетекші мұғалімдер
1	Жарылқасын Жеңіскүл	9	Historical and religious monuments in Kazakhstan	Ағылшын	Әлім Ақерке
2	Жақсыбек Шолпан	9	Жасанды интеллектті пайдаланып қазақ мультфильмін жасау	Информатика	Қосбанбетова Гүлжазира
3	Көпен Ақжүніс	9	Орынбор Ташкент теміржолының салынуында Көбек разезінің тарихи маңызы	Тарих	Бөлебаева Бақыткүл
4	Құттыбай Мансур	8	Құрлыс саласындағы математика	Математика	Сердалиева Меруерт
5	Таламбай Нұрсаят	8	«Ұлы жібек жолында орналасқан мәдени және тарихи ескерткіштер»	Ағылшын	Құрмашаева Арайлым
6	Әуес Мадина	10	"М. Жұмабаевтың "Шолпан" өлеңінің тәрбиелік мәні"	Қазақ тілі	Жарболова Айбарша

Қазіргі таңда Республикалық «Зерде» конкурсына 2-7 сынып оқушыларының ғылыми жобаларын жинақталып, ұсынысқа дайындық жұмыстары жүріп жатыр.

р/с	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Тақырыбы	Пәні	Жетекші мұғалімдер
1	Құттыбай Еркеназ	2	Цианотипия-маталардың бетіне кескіндер мен суреттер жасау	Бастауыш	Биманова Жанар
2	Марат Азиз	3	Лимонның пайдасы	Бастауыш	Карибаева Асылзат
3	Елепберген	4	Шайнайтын мармеладтар	Бастауыш	Карибаева Балагул

	Гүлім				
4	Набатбай Бейбарыс	5	ІТ технологиялары әлемді өзгертеді	Информатика	Сүйеубаева Айжан
5	Байдос Әсел	6	Ағылшын, орыс және қазақ халықтарының мақал-мәтелдерінің ұқсастықтары	Орыс тілі	Асанова Жанайым
6	Әнаурбек Ақнұр	6	Интеллектіні дамыту жолдары	Дефектолог	Исатай Бағжан
7	Есет Нұрислам Еділұлы	6	Балық аулаудың адамға әсері	География	Кеулімжай Әлия
8	Әуесхан Інжу Ерқанатқызы	2	Қырық қабат-пайдасы мен зияны	МАД	Исатаева Жазира

Ұсыныс: Мектеп оқушыларының 2024-2025 оқу жылындағы аудандық ғылыми жобаға дайындықты күшейту, балалар шығармашылығын қалыптастыру және дамыту бағытында атқарылатын шараларды, үйірме жұмыстарының жүргізілуін талапқа сай ұйымдастыру мектеп директорының бейінді оқу ісі жөніндегі орынбасары Т.Булебаев пен қосымша білім беру маманы А.Сүйеубаеваға бекітілсе.

Келесі мәселе бойынша мектептің қосымша білім беру маманы А. Сүйеубаева ББЖМ және дайындық жұмыстарының жүргізілуі туралы сөз алып ББЖМ –ға дайындау мақсатында іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар негізінде мектепшілік дайындық бағытында қосымша сабақтар кестесі жасалынды. Математика, биология, география, химия, физика, оқу сауаттылығы бойынша пән мұғалімдердің дайындық қосымша сабақтары кесте бойынша өткізілуде.

Жоспарға сәйкес ББЖМ туралы ақпарат беру мақсатында педагогтарға, сынып жетекшілер мен 4-9 сыныптың оқушыларына Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу мақсатында екені туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жалпы білім білім беру ұйымдарында 4 және 9-сынып білім алушыларының функционалдық сауаттылық деңгейін анықтауға, алған білімі мен дағдыларды өмірлік жағдайларда қолдануына бағытталатын болады. 4-сынып бойынша: – оқу сауаттылығы (бір дұрыс жауапты таңдаумен 10 тест тапсырмасы: бірінші мәтінге – 4 тапсырма, екінші мәтінге – 6 тапсырма), – математикалық сауаттылық (бір дұрыс жауапты таңдаумен 12 тест тапсырмасы), – жаратылыстану-ғылыми сауаттылық (бір дұрыс жауапты таңдаумен 8 тест тапсырмасы) тексеріледі. 9-сыныпта: – оқу сауаттылығы (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Тест тапсырмаларының саны – 30, оның ішінде әр пән бойынша -10 тест тапсырмасы (ең жоғары балл-30). – математикалық сауаттылық. Бір дұрыс жауапты таңдаумен 13 тест тапсырмасы (ең жоғары балл – 13). – жаратылыстану-ғылыми сауаттылық (физика, химия, биология, география). 21 Тест тапсырмаларының жалпы саны – 32 (8 контекст, әр контекстке бір дұрыс жауапты таңдаумен 4 тест тапсырмасы, барлығы 32 тест тапсырмасынан тұрады (ең жоғары балл -32).

4 сыныптарда -12 оқушы, 9-сыныптарда -8оқушы . Жаратылыстану математикалық бағытта сабақ беретін педагогтардың саны-5.

Білім алушылардың білім жетістігінің мониторинг нәтижесі білім беру сапасының жоғарылауына үлкен септігін тигізетінін баяндады.

Ұсыныс:2024-2025 оқу жылындағы ББЖМ және дайындық жұмыстарының жүргізілуін үйлестіру қосымша білім беру маманы А.Сүйеубаеваға жүктелсе.

Келесі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Кәрібай Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету тақырыбында сөз алды.Жедел қызметтердің деректері бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың жарақаттануы және қаза болуы, жол жүру ережелерінің бұзылуы, өзен-көлдерде шомылу, жұқа мұзда конькимен сырғанау,ойын кезінде орын алады. Қауіп табиғи апаттардан, уландырғыш заттардан, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасаудан және т.б.туындайды.

Балалардың кешенді қауіпсіздігін қамтамасыз ету-ата-аналар мен мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі міндеті.

Күнделікті өмірде балаларды қауіпсіздік дағдыларына үйрету қажет:

- баламен әңгімелесіңіз, өмірді сақтауға көмектесетін ережелерді түсіндіріңіз;
- балаларға тұрмыста, көшеде және жолда өзі-өзі дұрыс ұстауға үйретуде үлгі көрсетіңіз;
- мектепке дейінгі ұйыммен байланыста болыңыз: топ тәрбиешілерінің, әдіскердің, мектепке дейінгі ұйым басшысының байланыс телефондарын жазып алыңыз;
- баланың күні бойы қай жерде жүргенін білу қажет: бала тәулігіне 24 сағат ата-аналардың бақылауында, қамқорлығы мен назарында болуы тиіс;
- балаларды ересектердің қарауынсыз қалдырмаңыз, балалардың уақыты немен өтетінін бақылаңыз;
- балаға бейтаныс адамдармен сөйлесуге рұқсат бермеңіз;
- өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтаңыз, тұрмыстық құралдардың, оның ішінде электр жылытқыштардың, басқа да электр жабдықтарының, пештің дұрыс жұмыс істеуін және пайдаланылуын қадағалаңыз;
- көлік жүретін жолға назар аудара отырып, мектепке дейінгі ұйымға дейінгі ең қауіпсіз маршрутты таңдаңыз;
- балаларды жолда жүру ережелеріне үйретіңіз, оларды жолда және қоғамдық көлікте мұқият болуға үйретіңіз;
- қылмыстық жағдайға жол бермеу үшін балаға бағалы заттарды (ұялы телефон, қомақты ақша, зергерлік бұйымдар және т. б.) және мектепке дейінгі ұйымға тамақ апаруға рұқсат бермеңіз;
- балалардың қалталарын, иық сөмкелерін тексеріңіз, балалардың киімінде түйреуіштер болмауы тиіс;
- балалармен ойын немесе спорт алаңдарында болғанда, қауіпсіздік талаптарын сақтаңыз;
- мектепке дейінгі ересек жастағы балалар үйдің мекен жайын, телефонын, ата-анасының аты-жөнін білуі тиіс;
- төтенше жағдайларда 101 – өртке қарсы қызмет, 102 – полиция, 103 – жедел көмек, 104 – газ қызметі телефондарына хабарласыңыз.

Ұсыныс: Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, басты назарда ұстау сынып жетекшілері мен мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібайға міндеттелсе.

Күн тәртібіндегі соңғы мәселе бойынша мектептің шаруашылық меңгерушісі Т.Әлмұратов «Қауіпсіздік техникасы бойынша мектеп жұмыскерлеріне кіріспе нұсқау беру. Қауіпсіздік техникасы бойынша журналдардың дұрыс және уақытылы рәсімделуі» туралы баяндады. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық журналы (30 парақ) білім алушыларға оқу жылының басына арналған нұсқаулықтардың дайын мәтіндерін (қауіпсіздік техникасы, мектептегі тәртіп ережелері, электр қауіпсіздігі, жол қозғалысы ережелері және т.б.), сондай-ақ балалармен өткізілетін нұсқаулықтарды қамтиды. демалыс алдында (күз, қыс, көктем, жаз). Құжатта жоспардан тыс брифингтерге арналған орын қарастырылған. Аталған құжаттар уақытылы арналып, жүргізіліп отыр.

Ұсыныс: Қауіпсіздік техникасы бойынша мектеп жұмыскерлеріне кіріспе нұсқау беру, журналдардың дұрыс және уақытылы рәсімделуінің талапқа сай жүргізілуі мектептің шаруашылық меңгерушісі Т.Әлмұратовқа міндеттелсе

Шығып сөйлеушілер:

1. Физика пәнінің мұғалімі-Г. Қалекеева: Аудандық олимпиадаға оқушыларымызды тереңдетілген бағдарламалар негізінде үздіксіз дайындап жатырмыз. Қосымша сайттар мен ресурстар, интернет материалдары жеткілікті, қолжетімді. Оқушылардың қызығушылықтары жаман емес. Алдағы уақыттағы нәтижелер көрсетеді деп ойлаймын. Оқушылардың ҰБТ-ке дайындықтары да кестеге сәйкес, уақытылы жүргізілуде. Балалар жауапкершілікті, талапты терең сезінуде деп айта аламын.

2. Тарих пәнінің мұғалімі -Б. Бөлебаева: Оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырылып келеді. Алдағы уақыттар психологиялық ойын немесе сайыс өтілсе және 7-сыныпты да көбірек қатыстырса. Себебі қазір күрделі пәндер қосылып сонымен қатар жасөспірім шақтағы балалардың әр нәрсеге бейімдері мен қызығушылықтары зор екені белгілі ғой. Сондай-ақ

қабілеті жоғары балалармен жұмыстар тұрақты назарымызда. Олармен тереңдетілген жұмыстар жүргізуге тырысамыз. Мектеп өмірінде қауіпсіздікті барынша сақтауға міндеттіміз.

3. Ағылшын пәнінің мұғалімі-А. Әлім: «Мақсатты мектеп» жобасына енгеніміз барлық мектеп ұжымына сын болды деп түсінемін. Алдағы уақытта кәсіби байқауларға қатысуға тырысып, нәтижелер көрсетуге тиіспіз. Біліктілік арттыру курстарына, байқау тесттеріне де уақытылы қатысып, жетілу үстіндеміз. Олқылықтың орнын толтыру мақсатында сабағымызда байланыстырып өтіп жатырмыз және 5 -сыныпты қосымшаға да шақырудамыз. Өте артта қалып, кемшін жүрген, тыс қалған балалар жоқ. Берілген тапсырмалар мен түсіндірген сабақтарымызды оқушылар жақсы қабылдауда. Біз түсініксіз болған тақырыптарды оқушыларға қалайда ұғындырып жіберуге тырысамыз.

Директор жанындағы кеңес қаулы етеді:

1. Мінез-құлқында ауытқушылығы бар қиын оқушыларды анықтау және оларды психологиялық тұрғыда зерттеу, педагог кадрлардың арасындағы жағымсыз қарым-қатынастың алдын, МАД тобындағы тәрбиеленушілерді бастапқы диагностикалау қорытындысы бойынша атқарылатын жұмыстарды жүргізу мектеп психологі П.Үргенішбаева мен МАД тобының тәрбиешісі Ж.Исатаеваға жүктелсін.
2. 2024-2025 оқу жылында «Мақсатты мектептер» жобасы аясында жасалған жұмыс жоспары бекітіліп, талапқа сай жұмыстарды ұйымдастыру мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға бекітілсін.
3. Электронды журналды толтыру инженер-техник А.Абилаеваға, ҰББДҚ базасына мәліметтер енгізу мектеп бағдарламашысы А.Жарболоваға, осы жұмыстардың талапқа сай, қатесіз орындалуына бақылау жасау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға міндеттелсін.
4. Мектеп оқушыларының 2024-2025 оқу жылындағы аудандық ғылыми жобаға дайындығын күшейту, балалар шығармашылығын қалыптастыру және дамыту бағытында атқарылатын шараларды, үйірме жұмыстарының жүргізілуін талапқа сай ұйымдастыру мектеп директорының бейінді оқу ісі жөніндегі орынбасары Т.Булебаев пен қосымша білім беру маманы А.Сүйеубаеваға бекітілсін.
5. 2024-2025 оқу жылындағы ББЖМ және дайындық жұмыстарының жүргізілуін үйлестіру қосымша білім беру маманы А.Сүйеубаеваға жүктелсін.
6. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, басты назарда ұстау сынып жетекшілері мен мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібайға міндеттелсін.
7. Қауіпсіздік техникасы бойынша мектеп жұмыскерлеріне кіріспе нұсқау беру, журналдардың дұрыс және уақытылы рәсімделуінің талапқа сай жүргізілуі мектептің шаруашылық меңгерушісі Т.Әлмұратовқа бекітілсін.



Директор жанындағы кеңестің төрайымы:

Хатшы:

Ә. Кеулімжай

А.Жарболова